

## Жаңа-Семей-Конечная теміржол желісін басқаруға беру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қаңтар N 52. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.26. N 1113 қаулысымен. ~P001113

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы теміржол басқармасының, қызметі шағын Жаңа Семей-Конечная учаскесі осы учаскедегі жайғастырмаларымен және коммуникацияларымен " Балапантранс" акционерлік қоғамының басқаруына берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Алматы теміржол басқармасы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қажетті құжаттарды әзірлеп, мұнда мыналарды қарастырсын:

бұл учаскені темір жол көлігінде қолданылып жүрген техникалық жағдайлармен, Техникалық пайдалану ережелерімен және басқа нормативтік құжаттармен толық сәйкестікте ұстау шарттарын сақтау;

тасымалдауға Қазақстан Республикасының темір жолдары үшін белгіленетін ішкі республикалық тарифтен аспайтын тарифті қолдану;

басқармаға берілген объектілерді пайдаланудың бүкіл кезеңінде толық сақтауды қамтамасыз ету;

жылжымалы құрамды пайдаланғаны үшін әзірленген ставкалар бойынша Алматы теміржол басқармасы мен "Балапантранс" акционерлік қоғамының арасында вагондар мен локомотивтерді пайдалану жөніндегі шарттық қатынастарды орнықтыру;

Алматы теміржол басқармасы үшін жол қозғалысының жай-күйін және

жұмыстың технологиялық принциптерінің орындалуын тексеру құқығының сақталуы;

осы желіде қызмет көрсетумен айналысатын қызметкерлерді толық көлемде әлеуметтік қорғау;

теміржолдарда белгіленген нормалар бойынша қызметкерлерді жеке қорғаныш құралдарымен, арнаулы киіммен қамтамасыз ету.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК